

Жылжымалы мүлік кепілі бойынша ақпараттық қызметтер көрсету үшін ақы алудың мөлшері мен тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 маусым N 888 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 шілдедегі № 591 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.07.2015 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.27. N 394 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз).

Қазақстан Республикасының "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жылжымалы мүлік кепілі бойынша ақпараттық қызметтер көрсету үшін ақы алудың мөлшері мен тәртібі туралы ереже бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.27. N 394 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз).

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 9 ж ы л ғ ы 2 9 м а у с ы м д а ғ ы

N 888 қаулысымен бекітілген

Жылжымалы мүлік кепілі бойынша ақпараттық қызметтер көрсету үшін ақы алудың мөлшері мен тәртібі туралы ереже

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.27. N 394 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз).

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы N 254-1 Заңына сәйкес әзірленді

және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті Жылжымалы мүлік жөніндегі орталығының (бұдан әрі тіркеуші орган) жылжымалы мүлік кепілі бойынша ақпараттық көмек көрсету үшін ақы алуының мөлшері мен тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.27. N 394 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз), 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

2. Төлеушілер

2. Ақпараттық қызметтер көрсеткені, соның ішінде жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлікті бергені, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді көшірме бергені, сондай-ақ өтініш берушінің кінәсінен жіберілген тіркеу құжаттарындағы қателерді түзеткені үшін ақыны көрсетілген іс-әрекет мүддесі үшін жасалатын заңды және жеке тұлғалар енгізеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.27. N 394 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз).

3. Ақы енгізуден босату

3. Олардың іс жүргізуіндегі істер бойынша прокуратура органдарының, соттардың, анықтау және тергеу органдарының, сондай-ақ жылжымалы мүлік кепілін тіркеуді бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдардың және Қазақстан Республикасының заң актілерінде кепілдің тізіліміне көшірмені тегін алу құқығы берілген басқа да тұлғалардың сұрау салуы бойынша кепілдің тізілімінен көшірме ақы алынбастан беріледі.

4. Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу және ақпараттық қызметтер көрсету үшін ақының мөлшері

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.27. N 394 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз).

4. Жеке және заңды тұлғалардан ақпараттық қызметтер ұсыну үшін, сондай-ақ өтініш берушінің кінәсінен жіберілген тіркеу құжаттарындағы қателерді түзеткені үшін алынатын ақы Қазақстан Республикасында ақы төлеу күні қолданылған айлық есептік көрсеткішті ескере отырып жарты айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде есептеледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.27. N 394 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз).

4-1. Осы Ереженің 3-тармағында айқындалған жағдайларды қоспағанда, ақы

алмастан ақпараттық қызметтер көрсетуге тыйым салынады.

Ескерту. 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.27. N 394 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз).

5. Жылжымалы мүлік кепілі бойынша ақпараттық қызметтер көрсету үшін үшін ақы енгізудің тәртібі мен мерзімдері

Ескерту. 5-тараудың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.27. N 394 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз).

5. Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу үшін ақы 50 проценті мөлшерінде жергілікті бюджеттің кірісіне, 50 проценті тіркеуші органның есеп шотына аударылады; ақпараттық қызметтер көрсету үшін ақы өтініш берілгенге дейін тіркеуші органның есеп шотына аударылады.

5 - 1 . (а л ы н ы п т а с т а л д ы)

Ескерту. 5-1-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.04.27. N 394 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз).

6. Тіркеуші органға түбіртек немесе ақпараттық қызмет көрсету үшін, сондай-ақ өтініш берушінің кінәсінен жіберілген тіркеу құжаттарындағы кателерді түзеткені үшін ақы енгізілгені туралы төлем құжатының көшірмесі ұ с ы н ы л а д ы .

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.27. N 394 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз).

7. Ескерту. 7-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.04.27. N 394 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз).